

ТҮЙТКІЛ

Меруерт ҚАЗБЕКОВА:

БІР ЕСІРТКІНІ ЕКІНШІСІМЕН

Жас қазақ: Сіз метадонға тыйым салу мәселесін үнемі көтеріп келесіз. Не себептен әлі күнге дейін бір нәтиже болмады?

Меруерт Қазбекова: Метадон жайлы 2014 жылы алғаш рет депутаттық сауал жолдағанбыз. Жақында ғана осы мәселеге байланысты 3-рет сауал жолдадым. Метадонды 2008 жылы пилоттық жоба ретінде елімізде енгізілген. Бірақ ол жобаның нәтижесі жоқ. Бізге дәрігер, ғалым, наркологтар сияқты осы мәселені білетін мамандар хат жазды. Олардың айтуына қарағанда, бұл метадон есірткіні заңдастыру деген сөз. Метадон — синтетикалық есірткі. Сондықтан оған көптеген елде тыйым салынған. БҰҰ-да оған тыйым салып отыр. Бірақ халықаралық ұйым қандай да бір жолмен бізге метадонды пилоттық жоба ретінде ұсынып, енгізіп жіберген. Ал енді қараңыз, қазір дәріханаларда бұл препаратты тегін береді. Оны көрген жастар есірткіні тұтыну оңай екен деп түсінуге мүмкін.

АЛМАСТЫРУ — ЕМДЕУ ЕМЕС

(Жалғасы 3-бетте)

КӘСІБІ-НӘСІБІ

ҚЫЛҚҰЙРЫҚТЫНЫ КӨБЕЙТКЕН




Аумағы ат шаптырым албардың нақ ортасындағы оттыққа көпірте салынған, бояуы әлі оңа қоймаған, хош иісі бұрқыраған көк шөпті күйедей сыпырып жатқан топ жылқының шетіндегі тұрқы есік пен төрдей құла айғыр біз жақындаған сәтте «қайдан жүрген адамсыңдар» дегендей басын жұлып алып, жер тарпып оқырана кісінеді. Қасындағы омыраулы, жаясына екі кісі еркін жатқандай қарагер бие шөптен басын көтерер емес.

(Жалғасы 5-бетте)

БІТІМГЕР

ӘЛЕМ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАЛАЙДЫ



Біріккен Ұлттар Ұйымы неғұрлым жақсы, қауіпсіз әрі тұрақты өмір сүру үшін үміт асыратын әмбебап институт. Бүкіл әлем бойынша миллиардтаған адам үшін үміт шырағы болып қалады.

(Жалғасы 4-бетте)

БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent) 57,95



₽ RUB 5,85

\$ DOLLAR 340.43




€ EURO 400.52

₸ COM 4.94



АЛТЫН (ун.) 1286,70

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 8-бетте)

2

ЖАҢАШЫЛДЫҚ
ЛЕБІ

ҚЫЛМЫСПЕН
КҮРЕС

3

«АДАСПАҒАНЫН
ҚАЛАЙМЫН»

4

ЖАУЫНГЕРЛЕР
ЖАТТЫҒУЫ

7

on the web
JASQAZAQ.KZ

ҮКІМЕТ

Алдағы уақытта 1700 ауылдың 2 миллионнан астам тұрғыны сапалы интернетке қол жеткізеді. Бұл жайлы еліміздің ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев үкімет отырысында мәлім етті. Бүгінде бұл ауылдарға талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жұмысы қолға алынған. Бұл жоба жоспарға сәйкес 2020 жылға дейін аяқталуы керек. Жалпы, осы аптадағы Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен үкімет отырысында ауылдарды кең жолақты интернетке қосуды қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында азаматтарды жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету және ауыл мен қала арасындағы цифрлық алшақтықты қысқарту бойынша бағыт қарастырылғанын баяндады. Жоба электрондық саудамен камтуды, электрондық үкіметтің



ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЛЕБІ

қызмет көрсетуін, интерактивті білім беру, денсаулық сақтау құралдарын кеңейту есебінен едәуір әлеуметтік-экономикалық әсерге ие болады деп болжанып отыр. Бүгінгі таңда елімізде 122 қала, 1200-ге жуық ауылдық елді мекенде интернеттің жылдамдығы жоғары. Одан кейін министрлік 1800 ауылға байланыс желісін тартуды жоспарлап отыр. Жоғарыда атап өткендей, ұсынылған жобаны іске асыру 2018-2020 жылдарға жоспарланған. Нәтижесінде, 2021 жылға дейін ұзындығы 24 мың шақырым болатын талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылады. Бұл жергілікті атқарушы мекемелермен мемлекеттік

мекемелердің құрылымдық бөлімшелерін интернетке қосуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде интернетке қолжетімділіктің секундына 20 мегабитке дейін жылдамдығын қамтамасыз ету жоспарланған. Ақпарат және коммуникациялар министрілігі жобасын іске асыру үшін іс-шараларды және оларды орындау мерзімін көрсете отырып, жол картасы әзірленіп бекітілді. Байланыс операторлары тарапынан жекеменшік серіктестерді анықтау бойынша байқау өткізу үшін құжаттама әзірлеу жұмысы басталды. Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтің айтуынша, ауылдарды сапалы интернетпен қамтамасыз ету жобасы бюджетке салмақ түсірмейді. Себебі

бұл жұмыс мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы жүргізіледі. Т.Сүлейменов ауылдарды сапалы интернетпен қамтамасыз ету жобасына кеткен қаражат ұзақмерзімді тарифтердің есебінен қайтарылатынын атап өтті. Көрсетілетін қызмет түрлеріне төлем 10-14 жыл арналған ұзақмерзімді тарифтен алынады. Қазіргі таңда ұлттық экономика министрілігі ақпарат және коммуникациялар министрілігімен бірлесіп, елді мекендердің тізімін нақтылауда. Сондай-ақ 10-14 жылға арналған мерзімді тарифтің бағасын анықтауы қажет.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

45

млн теңге. Алматыда полицияға пара берген кәсіпкер айыппұл төледі

1800

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданындағы мектептерде осынша орын жетпейді

65

млн теңге. Банктен ақша ұрлағандар 7 жылға қамалды

Жанармайдың жыры

Тілек ӘБДІРАХИМОВ, «Эйр Астана» әуе компаниясының өкілі:

«Қазірдің өзінде қазан айына бір аптаға ғана отын бар. Ал отынның қымбаттау немесе қымбаттамауы ішкі нарыққа байланысты. Елімізде авиациялық жанармайдың жетіспеуінен әуе рейстері жаппай тоқтауы мүмкін. Өйткені, қазан айынан бастап Ресей тарапы әуе тасымалына қажетті отынды Қазақстанға әкелуді доғарады екен. Шымкент мұнай өңдеу зауыты уақытша жөндеуге жабылады»

Блэр ПОЛЛОК, Qazaq Air төрағасы:

«Жанармайдан «Эйр Астана» ғана қиындық көріп отырған жоқ. Біздің де отын таусылуға шақ қалды. Ресейден жанармай жеткізіп беріңіздер деп, бірнеше жерге хат жаздық. Өтінішімізді кері қайтарды»

Қуаныш ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ, энергетика министрілігі мұнай өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры:

«Қазіргі таңда елімізде 23 мың тонна авиакеросин бар. Жалпы қордың мөлшері 15 күнге жетеді. Энергетика министрі Ресеймен авиакеросин импортын ұйымдастыру мақсатымен күн сайын жұмыс істеп жатыр. Айдың басында 18 мың тонна авиакеросин әкелінді. Қосымша 8 мың тонна авиакеросин аламыз. Біз Шымкент мұнай өңдеу зауытын толық қуатымен жұмыс істеуге көшірдік. Бұл бізге қосымша бір айда 10-12 тонна авиакеросин алуға мүмкіндік береді»

7 сөз

Отандастарымыз газ үшін 12 млрд теңге қарыз

– Бүгінде бензиннің бағасы өсіп жатыр. Алдағы уақытта жанармай бағасы қалай болады?

Сауалы

Аптаңың

Жауабы

Әсет МАҒАУОВ, энергетика вице-министрі:

– Әрине, соңғы аптада бензин бағасы 2-3 теңгеге өсті. Оның өзіндік себебі бар. Біз жалпы тұтынатын жанармайдың 30 пайызын Ресейден жеткіземіз. Қазіргі таңда бағаны салыстырмалы түрде қарап отырсақ, шекарада бензинді осы қаңтар айында 505 доллар болса, бүгінге дейін 550 долларға өсті. Бензинді Ресейден алып келетін біздің компаниялар бағаны өсірді. Қазіргі уақытта қандай баға болатынын айту қиын. Өйткені ол шекарадағы баға қалай болатынына байланысты. Екіншіден, теңгенің долларға шаққандағы бағамы қалай болады? Соған қарай да өзгереді.

Бір анығы

Данияр АҚЫШЕВ, Ұлттық банк төрағасы:

«Валюта бағамы өзгерген кезде айырбас пунктіне жүгіріп, содан пайда табуға тырысудың еш мәні жоқ. Шығынға батып қалуға да болады. Өйткені, макроэкономикалық ахуал жақсы. Біз теңге бағамы артық бағаланып отыр деп санаймыз. Оның нығая түсуі де ықтимал. Сондықтан қазір валюта сатып алып жатқандар ұтылатын болады»

Лебіз

Бұл саналықтан гөрі санасыз психологиялық сезімдік, табиғи құбылыс. Барлық тіршілік иелері белгілі жерде өмір сүреді. Оны жаратылыстық жағдаймен есептеспей басқа жерге ауыстырсаң, кей кезде мүлде үйренбеген мекен оған кері әсерін тигізеді, өсіп көбеймейді.

Мәселен. Түркімен жерінде керемет «ахал-теке» деген сұлу жылқы өседі, ол жері құмды, ылғалы кем, ыстық аймақта бейімделген. Егер ол жылқыны Англияға, не басқа елге апарсаң, өсіп, көбеймейді. Өшіп бітеді. Бұл – жаратылыстық табиғи заңдылық. Адам – саналы тіршілік өкілі. Ол өзін санамен билеп, әр жерге бейімделеді. Бірақ солай десек те, туған, өскен жер сезімді адамда да бар, өшпейді. Айталық, өз жерінен, елінен басқа жерге кеткен адам жақындарын ансайды. Ол белгілі. Сөйтсе де, жылдар өткен сайын оның сағынышы бәсеңдеп басқаға көңілі ауа бастайды. Бұл да түсінікті. Ал туған жерді ансау жылдан-жылға өршіп күшейе түседі, мәңгі арманға айналады. Өмірден өкісіп өтеді. Сондықтан емес пе, жат жерде өмірден өткен адам қабырына қалыптасады. Кейін айы-күні жетіп, жарық дүниеге келгенде, ана сүтімен коректеніп, өсіп, тамақты өзі жейтін болады. Кейін азамат болып өседі, қоғамға араласып, түрлі жерлерде жүреді, жақсы жерде жүрсе де , өз елінің ауасы түз-дәмі өзіне жетпей тұрған сияқты сезіледі. Ол рас.

Қазақ жері кең-байтақ. Солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс жерлерде тағамда да (ет, сүт, қымыз), өсімдікте де айырмашылық бар. Кімнің де болса физиологиялық-биологиялық организмі сол жерге қалыптасқан өшпейді. Сондықтан емес пе, әркімнің өз елін сағынатыны түз-дәмін татып, аунап тұрғысы келетіні. Орыс халқында мақал бар «Каждый кулик свое болото хвалит» деген. Дәлме-дәл айтылған пікір. Кімнің де болса туған жері өзіне жұмақ, жаннан

елінен бір уыс топырақ әкеп себеді. Сонда туған жер ата-анасынан да артық болғаны ма?! – деген ой келеді. Пайымдап қарасақ, солай екен. Сонда бұл қандай күш? Санаға, ырыққа да көнбейтін? Шыны солай, негізсіз емес. Шет жерде амалсыз жүрген адам да елін ансау өлім мен өмір арасы секілді, қиямет қиын, бітпейтін жара. Мәселен, өз елінде, үйінде жүрген жасөспірімге өз ұлтының кейбір әдет-ғұрпы ұнамауы мүмкін, ал енді сол жасөспірім, білім ізлеп, шетелде жүргенде кездейсоқ басқа бір ел өкілі абайсыз әлгі жасөспірімнің ұлтына, тиетін пікір айтса, сонда жасөспірім ойлап жатпай-ақ, бірден намыстанып, наразылық білдіріп, өз елінің дәстүрін, мәдениетін жақтап шыға келеді. Бұл не? Бұл іште жатқан патриоттық сезім. Ол сезім бірте-бірте қалыптасады. Адам оны сезбеуі де, ойламауы да мүмкін. Бірақ жағдайға байланысты, кейде бүрк етіп көрініс береді. Немесе шет жерде жүрген адамға бұрын көрмеген, білмеген, бірақ өз елінің кісісі кездейсоқ кездесе қалса, онда ол сөзге келмей-ақ жақындық сезім оянып, туыс болып шыға келеді. Бұл не? Сағыныш. Әлгі бейтаныс адам сол өзі өскен елдің бір бөлшегі сияқты көрінеді. Өйткені ол да сол сағыныш жердің ауасын жұтып, суын ішіп, тағамын жеп өсті. Сондықтан ол оған өзі сияқты жақын болып шыға келеді. Сонда сол сезімнің негізінде не жатыр? Әрине, биологиялық және физиологиялық қасиет, сапа жатыр. Айталық, жас нәресте ана құрсағында пайда болған кезден, ананың жұтқан ауасынан, ішкен суынан, жеген тағамынан нәр алып,

артық. Өйткені, Отан тірегі – жер, жердің мәні – оны сақтау, пайдалану, қорғау, өмір-сазы – еңбек, тіршілік, жан-табиғаттың туындысы, тірілік, сол өмірдің өзі. Сөз соңында айтарымыз, адамда арман да, мақсат та бар. Түрлі тілек медет ішінде ең күшті құдіретгісі – Отан, туған жер, оның табиғи негізін айтқан болдық. Дүниеде бәрі уақыт өткен сайын бәсеңдейді, ұмытылады, ал туған жер, өскен орта, аунаған көгал даланы ансау еш уақытта өшпейді, ал шетелде жүрген адамда, ол қайта күшейе береді, мәңгі. Ол – Отандық сезім, туған жер кереметі.

Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы проблеманы ғылыми әлемдік дәрежеге көтереді, терең қозғау салады, тебіренеді. Өйткені, кімнің кім екені алдымен, Отаннан, туған жерден басталады. Небір данышпан ойшылдар Отанына қызмет еткен. Дара ақындар Отанын, туған жерін жырлады. Патриоттар Отаны, жері үшін жанын пида етті. Негізсіз емес.

Досмұхамед КІШІБЕКОВ, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі

4



КӨКЕЙКЕСТІ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Орайы келген әңгіме

Мәжілістері үкімет сағатында министр Н.Ермекбаев «Соңғы жылдары дінге деген қызығушылық, әсіресе жастар ортасында артқаны байқалады. Осыған байланысты біздің ведомствода нақты мақсатты жұмыс жоспарлары құрылған. Еліміз бойынша 306 арнайы мамандандырылған теологиялық және ақпараттық топ жұмыс істейді. Ақпараттық топтардың құрамына 580 имам және 283 теолог, яғни 863 азамат діни, теологиялық білімді маман кіреді. Есепке жүгінсек, биылғы жылы 1 миллион 800 адамды қамтыған 17 мыңға жуық іс-шара ұйымдастырылған» деген болатын. Иә, сауықтыру мен алдын алу жұмысы жүріп жатыр. Осыған орай біз оналту бағытында жұмыс істейтін

Қазір біздің қоғамда діни көзқарасқа байланысты пікір алуан түрлі. Дәстүрлі емес діни ағым жетегінде кеткендер саны да жетіп артылады. Дегенмен мемлекет тарапынан да теріс ағым жетегіне түскен азаматтарды оңалту бағытында біршама жұмыс жүргізілуде. Жуырда ғана дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев атқарылып жатқан жұмыстары жөнінде біраз дерек келтірген еді.



кажет. Тек қана біздің жұмыспен шектелмейді. Оның оналуына жанұясы, қоғам және жұмыс оналтуы да әсер етеді.

Жас қазақ: Теріс ағым жолына түскен адамдар арасында елге танымал адамдар бар ма? Адамдарды дәстүрлі емес діни ағымға тартушы қазақстандық қандай уағызшылар бар? Олардың аты-жөнін атауға бола ма?

Әлім Шауметов: Олардың арасына тәкфір идеологиясын таратқан, ағымдағы жылы тамыз айында сотталған Әбдухалил Әбдужаппаровты айтуға болады. Түзету мекемелерінде жазасын өтеп отырған радикалдармен түсіндірме шараларын іске асыру барысында байқалғандай, сотталғандардың басым көпшілігі осы тұлғаның дәрісін тыңдаған. Бұдан басқа Сауд Арабиясында тұратын шетелдік Назратулла Әбу Мәриям және Діلمұрат Махаматов есімді азаматтар өзінің дағуаттарын жүйелі түрде айтып, таратуда.

Әлім ШАУМЕТОВ:

БІРЛЕСІП КҮРЕСКЕНДЕ НӘТИЖЕ БОЛАДЫ



Астана қаласындағы «Ақниет» ақпараттық насихаттау және оналту орталығы» қоғамдық қоры директоры Әлім Шауметовке көкейдегі бірнеше сауалды қойған едік.

Жас қазақ: Орталық осы уақытқа дейін оналту мақсатында нақты қанша адаммен жұмыс істеді? Олардың қаншасы райынан қайтты?

Әлім Шауметов: Қазіргі кезде «Ақниет» орталығының мүддесіне түсіндірме жұмыстарымен қамтылған адамдарды

санау жатпайды. Осыған орай нақты оналтылған адамдардың санын айтуға мүмкіндігіміз жоқ.

Жас қазақ: Теріс ағым жетегінде кеткен бір адамды дұрыс бағытқа бұру үшін қанша уақыт кетуі мүмкін?

Жас қазақ: Адамдар діннің теріс ағымына қандай жолдар арқылы тап болады?

Әлім Шауметов: Қоршаған орта мен әлеумет, интернет желісі мен жоғарыда аталған дағуатшылар деп айтуға болады. Студенттер арасында да уағыз таратушылар табылады.

Жас қазақ: Сіздер оналту жұмыстарын құзырлы мекемелердің тапсырысы бойынша жүргізесіздер ме, болмаса жеке адамдардың өтініші бойынша жүргізесіздер ме?

Әлім Шауметов: Қазіргі таңда біздің жұмысымыз толығымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қаржыландыруымен іске асырылады. Жалпы оналту және түсіндірме жұмысы дін саласындағы құзырлы мемлекеттік мекеме — дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің тапсырысы бойынша іске асырылады.



Сұхбаттасқан Бейбіт ТОҚТАРБАЙ

Біз кезінде өзі де теріс ағым жетегінде кетіп, кейіннен дәстүрлі діни ұстанымға бет бұрған Әсел Базарбаеваның да пікірін білдік. «Ақниет» ақпараттық насихаттау және оңалту орталығы» қоғамдық қорында екі жыл қызмет атқарған Әселдің пікірі төмендегідей.

кайтару өте қиын. Мәселен, нәзік жандыларды алып қарайтын болсақ, олар үшін орамалын шешу деген ұғым етінен терісін сыпырып тастағанмен бірдей. Қазір мектептерде қыздарды орамалмен кіргізбейміз деп жатыр. Олардың сана-сезімі мен психикасында өте күрделі тартыс жүріп жатыр деген сөз. Сондықтан да оналту мен түсіндіру жұмысын ақырындап жүргізу қажет. Мен білетін қаншама қыз қиналып жүр. Мәселен, 100 қызды алып қарайтын

әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді. Ана елдің болашағын тәрбиелеп отыр. Сонымен қатар дін жолында жүрген әйел демографиялық өсімге айтарлықтай үлес қосады. Ертен олар бір-бірінің баласына үйленеді. Сонда ойласақ, біздегі қаншама отандасмыз дәстүрлі емес дінге айналып кетуі мүмкін. Мәселен, ел көлеміндегі оналту жұмысының 20 пайызы ғана әйелге бағытталған. Оның көлемін ұлғайту бойынша жұмысты кешіктірмей қолға алғанымыз жөн.

Тақырыпқа орай



Әсел БАЗАРБАЕВА:

Кезінде мен де теріс ағымның жетегінде кетіп қала жаздадым. Бірақ уақытында түсініп, дәстүрлі дін жолын таңдадым. Бүгінде ол туралы айтқым келмейді. Алайда өзгелері де адасып кетпесі үшін бар күшімді салып, жұмыс істеп жатырмын. Жалпы теріс ағым жетегінде жүрген азаматтар туралы айтар болсам, олар 10-15 жыл бойы сол бағытта жүрген болуы мүмкін. Көп жағдайда өмірдің белгілі бір қиыншылық кезеңінде дінге келеді. Мәселен, әлеуметтік жағдайға байланысты немесе денсаулығына байланысты дін жолын таңдайды. Дінде жүрген азаматтар оларға қол ұшын бергендіктен, ең жақын ыстық адамы болып саналады. Егер де сіз сол дін көсемдері жайлы нашар пікір білдірсеңіз, оған агрессивті қарайды. Сондықтан олармен жұмыс барысында ұстанған бағытынан бірден кесіп тастауға келмейді. Жылы сөйлесіп, өзінің қол ұшын беретініне сендіруін керек. Негізінен, оларды райынан

болсақ, соның оны ғана қиналып жүргендігін айтады. Сол онның ішінен біреуі ғана райынан қайтуы мүмкін. Бірақ біз бір қыз баланы құтқарсақ, ол басқаларға жақсы мысал бола алар еді. Біздің елдегі оналту жұмыстары кезінде әйел жамағатына көп мән берілсе деймін. Мен осыған дейін бірнеше жерде әйелдерге арналған оналту орталығы қажет деп айттым. Себебі



Бітімгер

Бүгінде еліміз Алматыда тұрақты даму, гуманитарлық жәрдем, аяпат қауіпін азайту және өңір мен одан тыс жерлерде тұрақтылықты арттыру мәселелеріне ерекше назар аударатын БҰҰ көпжақты дипломатиясының өңірлік орталығын (*хабын*) құру бойынша жұмыс атқаруда. Отандық дипломат «XXI ғасырдағы адамзаттың ең өзекті міндеті» ретінде жаһандық ядролық қарусыздану үдерісі жөнінде Президент Н.Назарбаевтың көзқарасын жете айтып шықты. Ол ядролық сынақтарға, ядролық қаруға толық тыйым салу, ядролық арсеналдарды толық жойып тексеру сияқты маңызды қадамдарды қамтиды. К.Әбдірахманов мемлекет басшысының Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (АЭХА)

(Басы 1-бетте)

Еліміздің сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Нью-Йоркте БҰҰ Бас ассамблеясының жалпы деббатында сөз сөйлегенде осылай деді. Сондай-ақ министр негізгі жаһандық мәселелер бойынша еліміздің ұстанымын айтты.

шекарасы танылған және қауіпсіздік аясында астанасы Шығыс Иерусалимде орналасқан Палестина мемлекеті болуы тиіс екені баяндамада атап көрсетілген.

Министр Астана саммитінде Ислам ынтымақтастық ұйымының мүше-мемлекеттері Рохинджа қауымдастығына қатысты зорлық-зомбылықты айыптағанын және гуманитарлық дағдарысты тоқтату үшін БҰҰ, ИЫҰ мен Мьянма үкіметі арасындағы диалогқа шақырғанын хабарлады.

Қазақстан БҰҰ-ның бітімгершілігі бойынша қызметін нығайту және жетілдіру ісіне толығымен берік. Сондай-ақ БҰҰ Бас

ӘЛЕМ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАЛАЙДЫ

Төмен байытылған уран банкінің ашылуында жариялаған бастамалары туралы баяндады. Атап айтқанда, ядролық қарусыздану болашағын талқылау үшін, ядролық қаруды иеленуші елдерінің саммитін шақыру, өңірлік ядролық қарусыз аймақтарының рөлін күшейту, ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммиттерін жанарту және ядролық қаруға тыйым салу туралы шарттың 2020 жылға дейін күшіне енуін қамтамасыз ету. Министр «Біз бүкіл халықаралық қоғамдастықтың кінәраттағанына қарамастан, ядролық сынақтарды ХХІ ғасырда жалғастырып жатқан жалғыз ғана мемлекет болып табылатын Корея Халық Демократиялық Республикасының осындай сынақтарды өткізгенін аландаушылық білдіреміз. Бұл елдің ядролық және зымырандық бағдарламаларды одан әрі дамыту жөніндегі әрекетін қабылдауға мүлдем болмайды» — деп баяндамасында атап өтті.

Еліміз БҰҰ-ның терроризмге қарсы күрес жөніндегі бөлімшесін құру идеясын қолдап, ланкестіктен азат әлемге қол жеткізу бойынша іс-әрекет кодексін әзірлеуді бастады. Жақында қазақстандық тарап жаһандық ланкестікке қарсы БҰҰ стратегиясын Орталық Азияда жүзеге асыру үшін 300 мың доллар бөленіні хабарлады министр. К. Әбдірахманов Қазақстан Республикасы Президентінің қолдауымен және тікелей қатысуымен был басталған Сирия бойынша Астана келіссөздер үдерісінің негізгі аспектілерін айтып өтті. Министр бұл үдеріс атысты тоқтатуға, дезэкалация аймақтарын құруға және мониторинг тегінін дамытуға бағытталған оң нәтиже бергенін атап өтті.

Еліміздің Таяу Шығыстағы бейбітшілікке жол іздеу үдерісі бойынша ұстанымы екі мемлекет қағидасында негізделген: егемен, тәуелсіз, өмірге бейімді және біртұтас, Израильмен бүйірлес қатар өмір сүріп жатқан,



хатшысының жанжалдың алдын алу мен бейбітшілікті қолдауға негізделген бітімгершілік бойынша жана көзқарасы бітімгершілік операцияларын тиімділігі мен есептілігін жоғарылатыды деп есептейді.

Сонымен қатар министр БҰҰ Бас ассамблеясында еліміздің 2018 жылғы қаңтарда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде төрағалығына дайындығы туралы ақпарат берді. Осы бағытта Президент Н.Назарбаевтың қатысуымен бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелері бойынша жоғары деңгейдегі ашық дебаттарды өткізу жоспарлануда. Сондай-ақ Ауғанстан мен Орталық Азияда қауіпсіздік және тұрақтылық мәселелеріне аса назар аударылды.

Руслан ДОСТАЕВ

Жаңғыру 3.0

Аталған міндеттерге орай, Қазақстанда өңдеу секторын жана цифрлық дәуірге көшіруге ынталандыру шаралары қабылданып жатыр. Бұл туралы «Қазақстанның өнеркәсіптік саясаты: еңбек өнімділігін арттыру арқылы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты VI халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны өткізу қорытындылары бойынша «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Сәбит Суханов айтты.

Еңбек өнімділігін арттыруға бірінші кезекте кәсіпорындардың өзі мүдделі. Сонымен қоса, мемлекет тарапынан да аталған бағытта

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында мемлекет басшысы бірінші басымдық ретінде экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуын белгіледі. Жаңғыртудың негізгі факторларының бірі — Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін жаппай енгізу болды. Бұл – автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект, «ауқымды мәліметтер» алмасу, тағы басқа міндеттер.

жүргізу кезінде жұмсаған шығындарының орнын толтырады. Ол үшін кәсіпкерлік субъектісі қажетті құжаттар қосымшасымен бірге өтінім беріп, 15 жұмыс күнінің ішінде шешім алады, он шешім қабылданған жағдайда — қаржы бөлінеді. Өтеу туралы өтінімді аймақтық кәсіпкерлер палатасы немесе «КИДИ» АҚ арқылы беруге болады.

Өтінімдер статистикасының мәліметтері бойынша, кәсіпкерлер белсенділігінің оң

ШЫҒЫННЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРА АЛАДЫ



кәсіпкерлерді қолдау бойынша шаралар қабылданып жатыр.

«Өзінің кәсіпорнында еңбек өнімділігін арттыру үшін жұмыс істейтін кәсіпкер өз еңбегі үшін ақшалай өтемақы төлеуіне сүйене алады. Сөз индустриалдық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге және/немесе оған сараптама жасауға жұмсалатын шығындардың орнын толтыру, технологиялық процестерді жетілдіру, сонымен қатар өндірісті ұйымдастыру тиімділігін ұлғайту мен кәсіпорының құзыретін арттыру туралы болып отыр», — деп нақтылады С.Суханов.

Мәселен, мемлекет кәсіпкердің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды

динамикасы байқалады. Егер 2016 жылы 88 кәсіпкер өтінім берсе, 2017 жылдың сегіз айының қорытындысы бойынша 76 кәсіпорынан өтінім келіп түскен. 19 өтінім бойынша келтірілген шығындардың орны толтырылған. Сонымен қоса, тәжірибе көрсеткеніндей, кәсіпкерлердің ең жоғарғы белсенділігі төртінші тоқсанда байқалады.

Ғылыми-тәжірибелік конференция алаңында, сонымен қатар Назарбаев Университеті жанындағы озық жетістіктер талқыланды. Оның базасында Индустрия 4.0 тұжырымдамасының элементтері — технологиялық операцияларды орындау кезінде оператор адаммен коллаборациялық өзара әрекеттестік үшін өнеркәсіптік роботтарды басқару, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін реабилитациялық және ассистивті робот техникасы жүйесі, роботтандырылған қол протезі және тағы басқалары әзірленіп жатыр. Айта кету керек, ұсынылған әзірленімдер отандық және шетелдік өнеркәсіптік кәсіпорындар өкілдерінің қызығушылығын тудырды.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Кәсібі-нәсібі(Басы
1-бетте)

Менің қарагер биеге көзімнің түскенін аңғарған, төрт сала айырға сүйеніп тұрған жылқышы:

— Осы қазір жығып алса, бір үйдің аузынан ақ майын ағызар еді, — деді. Адамдар жылқыны көрсе, көз алдарына буы бүркіраған табак-табак еттің елестейтіні несі екен деп ішімнен бір ойлап қойдым.

Топ жылқы мал шаруашылығын өркендетуге білек сыбанып, бұл буып кірісіп отырған Шортанды кентіндегі ағайынды Егор және Николай Воложаниндерді еді. Шынтауайтында, жылқы баласының өзге түліктен көп артықшылығы бар. Арқа қысы жұмсақ болса, алты ай қыс бойы тебінде жүріп, өз күнін өзі көрмек. Демек, соншалықты көп жем-шөпті қажет етпейді. Айналып келгенде, өзіндік құны да арзан.

Воложаниндерге жылқы басын көбейтуге демеу болып отырған мемлекеттің «Құлан» бағдарламасы. Жалғыз бұларға емес, облыстағы мал шаруашылығы, оның ішінде өсімтал жылқыны көбейтуге бет бұрып, құрық ұстаған қаншама адамның несібесін мөлайтып отырған бағдарлама.

— Жылқы бізге таңсық түлік емес, атамыз атасы баққан, — дейді ағайынды кәсіпкерлер.



ҚЫЛҚҰЙРЫҚТЫНЫ КӨБЕЙТКЕН

Бақса баққан шығар. Бірақ дәл менің атамдай мыңғыртып көп ұстаған жоқ шығар. Сыған атаулының тегі жақсы жылқы көрсе, қаны қызатындығын елдің бәрі біледі. Ергеректе біздің өңірде көшіп-қонып жүрген сыған табырын көргеніміз бар. Жүзі бөлек, тұлғасы басқа, түрі өзгеше адамдарды ауылдың аңғал жұрты қызықтап, балға үймелеген арадай бірін-бірі баса-көктей тырмысып, тамашалайтынын көргенбіз. Кәдімгі төрт дөңгелекті арбаның үстіне ұшар басын шошайтып, киіз үй іспеттес етіп баспаналарын тұрғызып алады екен. Ал аттары, тіпті сұмдық. Біздің ауылдың көктемде бұзауға жете алмайтын, ыңыршағы айналған аяқ артарындай емес, аспанға шапшып тұрған бірдене. Жылқымен көзін ашқан Жетпісбай ақсақал жер баспай ауыздығын сүзіп тұрған сығанның атына қатты қызыққан. Ақыры екі жылқының пұлын беріп сатып алды. Шылбырын үзе тартып, көкке шапшыған көкбесті сыған табыры қозықош жерге ұзап, көзден ғайып болғанда жынынан айырылған бақсыдай сабасына түскен. Кәдімгі біздің ауылдың құлағы салпиган, мың салса бір баспайтын аттарынан айнымай қалған. Сөйтсе бұл сығандар жылқыға арақ ішкізіп, осылай құтыртып қояды екен.

Бояу жағып көкті құла, құланы қарагер қылатындары да бар деседі жұрт. Сыған баққан жылқыны сонда көргенбіз. Ал бүгін басқаша кейіпте. Кәсіпкерлердің айтуына қарағанда, аграрлық несие корпорациясынан 54 миллион тенге алыпты. Бір жыл бұрын өріске жүз бас жылқы шығарған Воложаниндердің бағымында қазір 300 жылқы бар. Өздерінің айтуына қарағанда, жылқы десе өліп-өшетін құмарлық өкелден дарыған. Әрі өздері сол құмарлық байыз тапқызбай,

бақса, кейін мемлекет көмегіне жүгінген. Онда да әншейінде оншалықты маңызды болып көрінбейтін жай себепші болған. Бір күні, ойында ештеңе жоқ, теледидар тамашалап отырған. Әлдебір бағдарламада мал шаруашылығы туралы майын тамызып айтып жатыр екен. Арасында бұған қажет ақпарат, яғни «асыл тұқымды малға мемлекет несие береді» деген сөз. Әлгі сөз көкірегіңде қолаптанң шоғындай бықсып қана жанған үміт отын самал жел желпігендей маздатып жіберсе керек. Әуелі қабырғасымен кеңескен, бар мүмкіндігін сараптаған. Сөйтіп, 75 жастағы ақсақал тәуекелді іске бел буыпты. Бұл жұртта әке сөзін жерге

деп қысылмаймыз. Өйткені, ел ішінен пышақ көтерер жылқыны сатып аламыз да, жемдейміз. Астана іргемізде тұрған соң жылқы етіне жерік қазақ жыртылып айырылады. Жылқы алған кезде құнан, дөңдерін ғана алдық. Ең тиімдісі осы. Соғым кезінде ғана емес, жыл он екі ай бойы жылқыға деген сұраныс толастамайды. Ел болған соң ойын-тойы, айтып келмес қазасы болады ғой. Соның бәріне жылқы сояды, — дейді Егор Воложанин.

Айтса айтқандай, қазақтың дарқандығы мен дарақылығы жылқы бағатын Воложаниндерге жақсы болып тұр. Өздерінің айтуына қарағанда,

тастамайтын өз қағидалары бар. Әкенің айтқаны - заң. Тіпті жылқы емес, айдаһар арқандайсын десе де, тартынайын деп тұрған жоқ. Ақыры еңбектері жанды. Осы күні Астана қаласының «Еуразия», «Әлем» тәрізді сауда орталықтарынан картасы бұйра-бұйра, қазысы керекарыс жылқы етін іздегендер әуелі етті емес, Воложаниндерді іздейді.

— Сенсеніздер, осы шаруашылықта ұш-ақ адам жұмыс істейді. Отбасымыз

табан қазы шығатын семіз жылқының құны денесінің ірілігіне қарай 350-450 мың теңгенің манайында. Ал өздеріне семіртілмеген жылқыны 200-250 мың теңгенің мөлшерінде сатып алады. Осы орайда, он саусағымызды бүгіп, есеп шығардық. Жылқыны жемдеуге 30 мың теңгенің көлемінде жем алынсын, семіртуіліп тұрған жылқы шөпті көп жемейді. Шөп немесе сабан оған ас қорыту үшін ғана керек. Сонда жанағы

450 мен 250-дің арасындағы 200 мың теңгенің 50 мың теңгесі семіртуге жұмсалды дегеннің өзінде, қалған 150 мың теңгесі таза пайда. Он жылқы сатсаңыз, он жақ қалтаныңға 1500 миллион теңге саласыз.

Осы есепті шығара сала, есеп шығарып тұрып тарбиған он саусағымды жинап ала қойдым. Осы мен жанымды жалдап бекер қалам ұстап жүрген жоқпын ба? Қалам орнына

құрық ұстасам қайтер еді? Сыған баққан жылқыны малмен көзін ашқан қазақ та баға алады ғой.

Кәсіпкерлердің айтуына қарағанда, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамына несие алудың бір тиімдісі, қарызды өтеуге әдетте белгілі бір мөлшерде уақыт жағына тәп-тәуір жеңілдік беріледі. Деректерге қарағанда, республика бойынша осы корпорациядан малсақ қауым 3 миллиард 777,5 миллион теңгеге 11681 бас жылқы сатып алыпты.

Біздің облыста ғана 350 миллион теңгеге бір мыңнан астам жылқы алынған.

— Бағдарлама ауыл шаруашылығының барлық саласын қамтиды. Мінекей, Воложаниндер 15 пайыздық қайтарымымен 54 миллион теңге алып отыр. Оның үстіне субсидия да алады. Алқимынан алып қысып бара жатқан дөңене жоқ. Алған несиеcін он жылға шақтап отыр, — дейді «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы облыстық филиалы директорының орынбасары Кәрім Аброев.

Айтқандар Атырауға дейінгі кең көсіліп жатқан сайын даланың жайылымдарында қазір екі миллион бес жүз мыңнан астам қылқұйрықты бар екен. Бүгінгі таңда таза өнімге талпыныс көп. Жалғыз қазақтың ғана емес, өзгенің де түсіне де, тісіне де жылқы еті кіріп жүр. Іргедегі Қытаймен ет өнімдерін экспорттау жөнінде ветеринарлық келісімдер қаралып жатыр. Демек мыңғыртып мал бақсаң, табысты да көп табуға болады.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Шортанды ауданы,
Ақмола облысы

ТІРШІЛІК

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Жас келсе – іске

Десе де, өңірлердегі жас кәсіпкерлердің жұмысын ширату үшін мемлекеттік бағдарламалар мен қолдау шарасын әзірлеудің маңыздылығы да күн тәртібінен түсер емес.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаеваға жолыққанымызда, жас кәсіпкерлер аудандық және қалалық деңгейде кәсіпкерлерге қолдау орталықтарында тегін сервистік қызмет пен мембағдарламалар бойынша кеңес ала алатынын айтты. Сонымен бірге кәсіпкерлік негізіне «Бизнес-Кенесші», «Бастау Бизнес», «Жас кәсіпкер мектебі» жобалары аясында білімін шыңдауға мүмкіндігі бар. Бизнесі жаңадан бастаушылар 3 млн теңгеге дейінгі гранттық қаржыландыруға және Startup Bolashak стартап жобалар байқауына қатысып, жобасын қорғап, оны ары қарай жүзеге асыруға қаржылық қолдауда таба алады.

— Әрине, мемлекет тарапынан, басқа баламалы жолдар арқылы да жастар кәсіпкерлігін дамытуға мол мүмкіндік қарастырылуда. Ал кәсіп иелерінің дәлеліне сенсек, жастар кәсіпкерлігінің қауырт қарқын алуына тағы да сол жастардың дәуір бұзатын тәуекелі жетпей жатпайды. Десе де, ортамызда мемлекеттік қолдаудың игілігін көріп, өзінің батылдығының арқасында үлкен жетістікке жетіп жүргендер баршылық. Олардың қатары шалғай ауылдарда да көбейіп келе жатыр. Солардың бірі — Райымбек ауданының Кеген ауылының тұрғыны Аслан Баянғожаев, — дейді палата директоры.

Осыдан кейін батылдықтан бағы жанған кәсіпкердің қолға алған жұмысымен біз де танысуға ансарымыз аулды. Аслан Баянғожаев көптен бері қараусыз қанырап қалған бос ғимаратты жөндеп, мал сою цехын ашқаны қаладан алыста жатқан елді мекендегі жұрттың қолындағы малын қаржыға айналдыруға жол ашыпты. Біраз жылдан бері екі қолға бір күрек таппай жүрген Аслан Баянғожаевтың бизнес жобасы аудан тұрғындары мен билік өкілдері тарапынан қызу қолдау тауып, кәсіпкерлік палатасы Райымбек аудандық филиалының қолдауымен «Бизнес-Кенесші» жобасына жазылып, кәсіпкерлік

Тәлім

Елбасы жариялаған рухани жаңғыру, оның ішінде ұлттық кодты қалыптастыру туралы мақаласы болашақ ұрпақты тәрбиелеуге арналған нақты бағдар болды.

Ұлттық кодты қарапайым тілмен айтқанда, «қазақи тегіміз, қазақи діліміз, қазақи санамыз бен болмысымыз» деуге болады. Мен әскери қызметте, ғұмырымды Отан қорғау жолына арнаған азаматпын. Әскер қатарына шақырылған сарнауыз бозбалаларды тәрбиелеп, елге сүйеу болар тұлға ғып қалыптастырудың қызығы мен шығығын іштен, өз басымынан өткеріп, танып-білген адаммын. Сондықтан шын мәніндегі ұлтжанды, елін сүйетін ұлттық кодты бар азамат қайда, қалай қалыптасатыны туралы өз пікірімді ортаға салмақпын.

Жалпы дүниеге келген әр адамның бойындағы, қанындағы қасиеттері оның шыққан тегіне байланысты екені ешқандай дау тудырмайды. Алайда оларды ары қарай бағдарлап дамыту ата-анасына, отбасына, өскен ортасына тікелей байланысты. Біздің дана халқымыз немерелерін ата-әжесіне бақытып, тәрбиелетіп үлкен көргендік жасаған. Себебі жас отау иелері күнделікті бар күйбен тірлікті өз мойындарына алып, қарттардың

табалдырығын аттанған күннен-ақ отансүйгіштік тәрбиенің кең шалқарынан сусындайды. Еліміздің айыбы — Ұлттық ұлан сабында бұл тәрбиеге, сарбаздарымызды ұлтжанды рухты азамат қылып тәрбиелеуге, ел үшін қандай да болмасын ауыртпашылықты көтеруге дайын адам ретінде тәрбиелеу ісі жүйелі түрде жолға қойылған, әрі стратегиялық маңыздағы басты жұмыс болып табылады. Күш-қуат құрылымының құрамындағы тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі басшылық институты осы жұмыстардың қайнар бастауында тұр. Мәселен, жақында ғана Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланында 2017 жылғы оқу жылынан бастап жаңа жоба, жаңа патриоттық іс-шара қолға алынды. Ол шараның аты — «Елбасы сабақтары» деп аталады. Аталған сабақтар құқықтық тәртіп әскерлерінің республикадағы барлық құрылымдық әскери бөлімдерінде өткізілетін болады. Әскерге рух беруші тәрбиеші офицер Отан күзетінде жүрген жауынгерлерге, жалпы әскери

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН



колдарын босатқан. Ал ата-әжелер немерелеріне бесік жыры, ертегі, қисса-дастандарды айтып, тыйым сөздерді құлақтарына сіңіріп, өздерінің колдарынан келетін өнерін олардың бойына сіңіріп отырған. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген осыдан қалған.

Ал қазақ халқының ауыз әдебиеті тұнып тұрған өсиет, насихат екені баршаға аян. Батырлық та, елжандылық та, отбасыға, үлкенге құрмет те, кішіге ізет те, қонақжайлылық та, қысқасы, бүкіл жақсы адами қасиетті дәріптеу осында. Осыларды құлағына сіңіріп, бойына жиып, санасына түйіп өскен баланың жаман әдеттен аулақ, тәрбиелі де ізетті адам болары хақ.

Мақалала: «Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышартына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол алдасуға бастайды» деп өте тура айтылған.

Бүгінгі таңда әскери қызметте адам тәрбиесінде, жастардың алды соның танып, ұлтжанды Отанын сүйіп қорғаушы азамат ретінде тәрбиелеуде үлкен маңызды ортаға айналып отыр. Әскерге шақырылған әр жас сол әскери бөлімінің

ұжымның әр мүшесіне тәуелсіздік жылдары еліміздің жеткен барша жетістігі жайлы кең тұрғыда түсіндіріп, тәрбие сағаты ретінде жеткізілетін болды. Елбасы сабақтары әртүрлі тақырыпты қамтыған. Мәселен, «Елбасының Отан жайлы айтқандары», «Елбасының халықтар достығы мен бірлігі жайлы ұлағаттары», «Елбасының отбасы жайлы айтқандары», «Елбасының ел тарихы жайлы айтқандары», «Елбасының ұлттық қауіпсіздік жайлы байламдары» және тағы басқа мемлекет басшысының аса өзекті толғаң-ойлары жауынгерлік ұжым мүшелерінің рухын көтеру мен шыңдауға жолбашы тәрбие өзегі ретінде алынып отыр.

Әрине, бұл жанашылдық жұмыстардың барлығы да түптің-түбінде тәрбие саласында өзінің жақсы жемісін берері сөзсіз демекпін.

Тәуелсіз қазақ елінің сардары ретінде айтарым, егемен елімізде өсіп келе жатқан ұрпақтарымыз өз ана тілінде таза сөйлеп, ежелден «ер» деген даңқы шыққан, намысын таптатпаған, туған жердің топырағын сүйгенде болмаса, ешкімге басын имеген, ешкімнің алдында тізесін бүкпеген ата-бабаларының тарихын, салт-дәстүрін біліп өссе, өзегі мен халқының тек малын жемей, қамын жейтін, туған жерін, ауылын аялап, сақтап, қорғайтын, рухани шыңдалған, бәсекеге қабілетті, жаһандану үрдісіне жұтылып, өзін жоғалтып алмайтын халықтың лайықты азаматы болып шығады деген сенімдемін.

Қайрат АҚТАНОВ,
генерал-майор
Ұлттық ұлан «Оңтүстік» өңірлік
қолбасшылығының қолбасшысы,
Алматы қаласы



ат жалын тартып мінгізген соң, қазақтың апайтөс жігіттерімен бірге көсіліп көкпар тартып, аламанға ат қосқан.

Кеңес өкіметі ыдыраған тұстан бері жылқы өсіруді мұрат тұтқан Николай өз ұлдарының несібесін осы түліктің арқасында айырып отыр. Бұрын өз малын

Қос перзентінің үлкені Егор құрық ұстап жылқы бағып жүргеніне бек разы. Ендігі ойы — жылқы басын бес жүзге жеткізу. Бес жүзге жеткізіп алса, жарықтық жылқы мыңғырып өсе бермек. — Бизнес жоспарымыз үш жылға арналған. Несіені қайтара алмаймыз



Индустрияландыру картасы

ЖҮЗ ПАЙЫЗ ОТАНДЫҚ КӘСІПОРЫН

Көмірсутек шикізатының алып қорына иелік ететін еліміз бүгінде әлемдік мұнай индустриясының даму орталығының маңызды бір бөлігіне айналып үлгерді. Бұл сөзімізге бір ғана Каспий теңізінің казакстандық секторын игеруге ірі халықаралық мұнай-газ компанияларының жұмылдырылуы дәлел бола алады.

Атырау өлкесіндегі мұнай және бұрғылау компанияларының түрлі қызметтерге сұранысы — негізгі бағытты бұрғылау, мұнай-кен орындарына стандартты емес жабдықтарды жалға беру, жөндеу және дайындау, мұнай мен газ кенішін жабдықтау болып саналатын «Жігермұнайсервис» компаниясының құрылуына себепші болды. Бұл — жүз пайыз отандық бірегей кәсіпорын. Компания «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының Өндірістік қызмет көрсету орталық базасының қайта құрылуы негізінде пайда болды. Қазір ол жеке компания және ірі бизнес субъектісі.

Бірнеше жылдан бері бұрғылау және мұнай өндірісі құрал-жабдықтары сынды сертификатталған өнім шығаратын «Жігермұнайсервис» компаниясы бүгінде

Өңдеуші өнеркәсіптер мен қызмет көрсету салаларында экспортқа негізделген бәсекеге қабілетті тауарды жасап шығару. Әлемдегі ең дамыған озық мемлекеттің қатарына ену межесіне бастайтын Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасының басты мақсаты осындай.

сондай-ақ казакстандық мұнай компанияларына да жоғары сапалы отандық өнімді 50 пайызға дейін арзан бағамен алуға мүмкіндік тудырды.

БҰРҒЫЛАУ ЖҰМЫСЫ – 7 МЫҢ МЕТР ТЕРЕҢДІКТЕ

Импорттын орнын экспортпен алмастыруға мүмкіндік жасаған



– Бірегей кәсіпорынның мақтанышы – білікті кадрлары;
– Бүгінде кәсіпорын әлемдік деңгейдегі жетекші жабдық өндірушілерде оқып, сертификатталған жоғары білікті қызметкерлермен қамтылған;
– Жұмысшылардың бір бөлігі жабдықтарға далалық жағдайда қызмет көрсету жұмысымен айналысады;
– Кәсіпорын ISO 9001, 14001, OHSAS 18001 стандарттарына сәйкес сертификатталған;
– Барлық шығарылатын өнім сертификатталған және ҚР-СТ талаптарына сай, өнім сапасын басқарудың интеграцияланған жүйесі енгізілген және үнемі бақыланады;

ОТАНДЫҚ КӘСІПОРЫН – ӘЛЕМДІК НАРЫҚТА

әлемдік стандарттарға толық жауап беретін ірі кәсіпорынға айналды. Тіпті 2014 жылдардағы дүниежүзілік экономикадағы қиындықтарға қарамастан, сол кездің өзінде компанияның жылдық айналымының 8 млрд теңгеге дейін артуы көп нәрседен хабар береді.

ҚАШАУ ЭКСПОРТТАЛА БАСТАДЫ

Отандық компания бастапқыда өндірістік бағытын қашауды жөндеуге бейімдеген болатын. Кейін мемлекет іске қосқан Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы аясында, кәсіпорында жоғары тереңдікте бұрғылау арналған қашаудың өндірісі де жүзеге аса бастады. Айта кету керек, бұған дейін әрқайсысы он мыңдаған доллар тұратын қашаулар сырттан импортталып келген еді. «Жігермұнайсервис» компаниясының өндірістік қуатын арттыруы — ел экономикасының отандық өнімдермен толығына және қашаулардың нарықтағы бағалан 30-40 пайызға дейін арзан болуын қамтамасыз етіп отыр. Соның нәтижесінде, жергілікті кәсіпорындардың сұранысы қанағаттандырылып келеді.

АФРИКАМЕН ДЕ БАЙЛАНЫСТА

Ерекше атап өтер тағы бір жайт, кәсіпорын жыл санап қызмет көрсету аясын кеңейту үстінде. Осыдан біраз жыл бұрын компания отандық бұрғылау кешенін іске қосқан болатын. Бұл — өндірістік сынақтан сәтті өткен Атырау облысындағы бірден-бір бұрғылау кешені. Бүгінгі таңда компания өз өнімдерін көршілес орналасқан Ресей, Түрікменстан, Біріккен Араб Әмірліктері мен Африкаға экспорттап отыр. Серпінді жоба,



Бүгінде кәсіпорынның басты жетістігінің бірі ретінде, «Теңіз» және «Королевское» кен орындарын бұрғылау жабдықтарымен қамтамасыз етуін айтуға болады. Мұның сыртында «Ембімұнайгаз» ААҚ үшін диаметрі 273 мм, ұзындығы 100 шақырым болатын «Забурын — Мартыши» мұнай құбыры құрылысы да бар.

«АЛТЫН САПА» СЫЙЛЫҒЫН ИЕЛЕНДІ

Халықаралық дәрежеге көтерілген «Жігермұнайсервис» кәсіпорнының болашағынан үміт зор. Аз уақыт ішінде бірнеше кешенді іске қосып, халықаралық стандарттарға толықтай жауап беретін өнім шығаратын ірі өндіріс ошағына айналған кәсіпорын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Алтын сапа» арнайы сыйлығын да иеленді. Негізінен мұнай ұңғымаларын тереңдете бұрғылауға арналған қуатты қондырғы мен стандартты емес металл конструкциясы өндірісіне маманданған «Жігермұнайсервис» ЖШС — «Казбуринвест» республикалық холдингінің құрамына кіретін он төрт кәсіпорынның бірі.

«Жігермұнайсервис» ЖШС бас директорының орынбасары Александр Яковлев «Біздің кәсіпорын бес институционалдық реформадан тұратын «100 нақты қалам» бағдарламасының белсенді қатысушысы. Үш басым бағытымыз бар — ауыр типті бұрғылау қондырғысын дайындау, мұнай және газ ұңғымасын бұрғылауға арналған алмаз кескішті бұрғылау долотасын өндіру және көлденең ұңғыманы бұрғылауды телеметрикалық қолдау» дейді.

Оның айтуынша, «Жігермұнайсервис» компаниясы 7 мың метрден төмен терең ұңғыманы бұрғылауға арналған алғашқы казакстандық бұрғылау қондырғысына ие. Ол «Біз Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен болған телекөпірге қатысқанымызда, Елбасы казакстандық кәсіпорынның мұндай қондырғылар шығара алатынын естігенде риза болып еді. Біздер мұны жасай алық, бұрғылау қондырғысы шығарылды. Бұл мұндай санаттағы алғашқы қондырғы және әлемдік стандарттарға сай келетін қондырғыларды жасай алатынымызды дәлелдеді» дейді. Ұңғыманың ерекшелігі — оның бұрғылау қуаттылығы мен тереңдігінде. Мұндай бұрғылау кешені іргесінен бастап, барлық агрегат, күштік қондырғы және электрондық жарақтармен қамтылған. Қуаты орнын бірінші — 2,5 мың жылқы күші, жүк көтеру бойынша — 650 тоннаға тең.

ТАПСЫРЫС БЕРУШІДЕН ШАҒЫМ ЖОҚ

Кешеннің негізгі мақсаты — мұнай және газ ұңғымасын бұрғылау. Бұған дейін аталған ұңғымаларды мұнай компаниялары Ресей, Қытай және Еуропа елдерінен сатып алып келген болатын. «Логистика қиындықтары онсыз да жоғары бағалы қондырғылардың құнын одан әрі қымбаттатып жіберген еді. Мұндай кешенді орта деңгейлі мұнай компаниялардың өзі сатып ала алмай, жалға алумен шектеліп келген болатын. Тапсырыс берушілер қондырғы сапасының жоғары екенін, ең бастысы, Казакстанда өндірілген бұрғылау ұңғымаларын сатып алу мүмкіндігі туғанын айтып отыр. Бұл — шетелдік баламалармен салыстырғанда бірнеше есе арзан. Қондырғының қуаттылығы да жоғары», — дейді компания өкілі А.Яковлев.

Рас, елімізде бұрғылау қондырғысын шығару қадамы бұған дейін де қолға алынып келді. Алайда олардың қуаттылығы үш мың метрге дейінгі тереңдікпен шектелді. Әлемдік нарықтан өз орнын тапқан бұрғылау қондырғысы америкалық мұнай институтының барлық талабына жауап береді. «Жігермұнайсервис» ЖШС бас директорының орынбасары А.Яковлевтің айтуынша, басты мақсат — отандық нарықтың сұранысын толықтай қанағаттандыру. «Жігермұнайсервис» ЖШС Казакстанда баламасы жоқ тағы бір өнім түрін шығарады. Ол — бұрғылау долоты. Африка елдерімен де тиісті қарым-қатынас орнатқан кәсіпорын мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылауға арналған алмаз кескішті бұрғылау қашауымен табысты өндіруде.

ҰҢҒЫМАНЫ ДЕМЕУ ҚЫЗМЕТІ

Бірегей және баламасы жоқ өнімдерді шығарушы кәсіпорын жұмысының тағы бір бағыты — көлденең және ылдилап орналастырылған ұңғымаларды инженерлік-телеметриялық демеу қызметі. Дала отрядтары параметрлерді қазіргі уақыт режимінде өлшеуге мүмкіндік беретін гидравликалық байланыс арнасы бар, гамма-каротажа және резистивиметрия модульдарымен жабдықталған APS телеметриялық жүйесімен қамтамасыз етілген. «Жігермұнайсервис» ЖШС бас директорының орынбасары А. Яковлев бұл бағытта да халықаралық компаниялармен иық теңестіре бәсекелесе алатын алғашқы жүз пайыздық отандық кәсіпорын екенін айтады. «Бұл бағытта жұмыс істей бастаған алғашқы жарты жыл ішінде 120 ұңғымға бұрғыласақ, оның 20-сы — көлденең ұңғымға. Бұл — өте жақсы көрсеткіш және бір қуантарлығы, ешбір тапсырыс берушіден атқарылған жұмыс бойынша, шағым түскен емес. Қазір Ресейде жұмыс істей бастадық, бүгінде дейін 10 ұңғыманы бұрғыладық» деген ол болашақта басқа елдердің нарығын игеруді жоспарлап отырғандарын айтты.

Қашаған

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» компаниясының баспасөз қызметі хабарлағандай, қазіргі таңда мұнда 319 адам қызмет етіп жатыр. Кен орнында

«Ғасыр жобасы» атанған «Қашаған» теңіз кен орны айына 650 мың тонна мұнай өндіріп отыр. Сарапшылардың бағалауынша, бұл — соңғы жыдарда қол жеткізген ең жоғары көрсеткіш.



АЙЫНА – 650 МЫҢ ТОННА МҰНАЙ

бұрғыланған қырық ұңғыманың жиырмасы «Д» және «А» аралдарында, қалғаны қосымша арал-спутниктерде орналасқан. Оның сегізі пайдалануға берілуде. Осылайша, іске қосылған жана ұңғымалар ай сайынғы өндіріс көлемінің анағұрлым артуына ықпал етуде. Теңіз нысаны Батыс Ескене аумағында үш құбыр желісі арқылы жерасты өндіріс кешеніне қосылып отыр.

Айта кетелік, ресми түрде «Қашағанның» геологиялық қоры 4,8 млн тонна мұнай деп бағаланған болатын. Кен орнындағы табиғи газ қоры 1 трлн текше метрден асады. «Қашаған» жобасына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың да ерекше маңыз беріп отырғанын атап өткен жөн. Себебі ғасыр жобасының ашылуы — соңғы елу жыл ішіндегі әлемдік энергетика саласындағы ең елеулі оқиға. Әлем көз тіккен «Қашаған» жобасының тиімді халықаралық ынтымақтастық пен берік әріптестіктің тиімді нәтижесі екенін де атап өткен жөн. Себебі «Қашаған» Казакстан мен ірі әлемдік мұнай алпауыттарын ортақ мақсат жолында тоғыстыра алды. «Бүгінде «Эни», «Тоталь», «Эксон-Мобил», «Шелл», Қытайдың ұлттық мұнай-газ корпорациясы, «Иннекс» компаниялары біздің елімізбен бай тәжірибесімен, сапалы білімімен бөлісуде. Отандық «КазМұнайГаз» компаниясының әлемдік деңгейдегі әріптестерімен ынтықас тұрғанының өзі ерекше жағдай.

Казакстан — әлемдегі ең ірі мұнай қоры бар он екі мемлекеттің қатарына енді. Газ қорынан да еліміз әлемдік жиырма мемлекеттің тізімінде тұр.

Экологиялық бастама

ЕНДІ КҮКІРТ ТЕ ТҮЙІРШІКТЕЛЕДІ

Атырауда күкірт түйіршіктеу зауыты салынады. Қазіргі таңда болашақ зауыттың құрылысы аяқталуға жақын. Жаңа кәсіпорында «Қашаған» кенінің мұнайын тазартудан алынған күкірт өңделетін болады.



«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» компаниясының басқарушы директоры Бруно Жарлэннің айтуына қарағанда, жана нысан екі бөліктен тұрады. Күкірт өндіретін зауыт пен өнімді экспортқа шығаратын теміржол кешені жұмыс істейді. Өндіріс ошағында күкірт алатын және қалдық газдарды тазарту қондырғылары, сұйық күкірт сақталатын қойма, күкірт блоктары сақталатын нысандар да бар. Ал теміржол кешенінде түйіршіктелген күкіртті сақтау, оны теміржол көлігіне шығару мәселелері жоспарлануда. Жалпы алғанда, зауыттың қуаты тәулігіне 4500 тоннаға дейін күкірт өндіруге шақталған. Теміржол кешені тәулігіне 7 мың тоннаға дейін күкіртті тасымалдау қуатына ие.

АНЫҚТАМА:
Индустрияландыру бағдарламасын іске асыру жылдарында елімізде 4,7 трлн теңге сомасына 1028 жоба енгізілді;
97 мың тұрақты жұмыс орны құрылды

Бетті дайындаған Баян АТАЙМАНҚЫЗЫ, Атырау облысы

Айбын

АЛҒАШҚЫ ДАЙЫНДЫҚ

Журналистерлі қонақтарға арналған мінберге орналастырды. Біз бен жауынгерлердің арасы онша қашық емес. Бәлкім, әскери




өмірді жақыннан тамашалап, оқу-жаттығуды өз көздерімен көрсін деген шығар!

Дабыл қағылған сәттен бастап әскери көлік, танкілер, аспанда зулап ұшқан тікұшақтар және қаз-қатар тізілген сарбаздар шекараны бұзған «жауға» бет алып барады. «Жау» деген сөзді тырнақшаға алған себебіміз, бұл оқу-жаттығу ғой. Әйтпесе, бейбіт күнде жау шақырып отырған жоқпыз.

Сонымен, әскерилерге ең алдымен Сарыбастау тауының етегіне жасырынған лаңкестердің орналасқан жерін анықтап алу қажет болды. Ол үшін біздің елде бұрын-соңды болмаған, ұшқышсыз басқарылатын шағын ұшақ (дрон) көкке көтерілді. Әуеге көтерілген дрон бірнеше мың метр биіктікті бірнеше секундта бағындырып, жасырынған «жаудың» екі жүзге жуық нысанын анықтады. Ендігі әрекет сол анықталған жерге әуеден соққы жасау.

ҰРЫС ДАЛАСЫНДА

Анықталған нысанға алғашқы шабуыл әуеден басталды. Оң және сол қапталдан



көкке көтерілген тікұшақтар «жау» жасырынған апандарға бет алып барады. Сол сәтте көзіме бала кезімде теледидардан көрген соғыс алаңы елестеді. Алдыңғы қатардағы екі тікұшақ бір мезетте алғашқы соққыны жасады. Іле-шала әуеден жасалған шабуыл қарша боралы да кетті. Айнала әп-сәтте шанмен көк түпінге оранды. Әуе күштерінің төпелеген бұл соққысы «жауды» әбден есенгіреткені анық. Небары 34 секундта 64 гектар жерді күнше түтіп жіберетін қуатты қару әлгі нысананы көзден ғайып қылды. Бұрын-соңды мұндай жойқын соғысты көзбен көрмеген журналистер үшін бұл оқу-жаттығудың әрі қызықты, әрі қорқынышты көрінгені рас.

Оқу-жаттығу әуе күштерінің соққысымен ғана шектелген жоқ.



Келесі шабуыл құрлық әскерлерінің зеңбірекпен атқылауымен жалғасты. Ұшқышсыз басқарылатын әлгі кіп-

Ел тыныштығын күзеткен әскеріміздің хал-жағдайы қандай? Еліміздің Қарулы Күштері мен Әуе күштері жауға қаншалықты төтеп бере алады? Осы сауалға жауап іздеген бір топ журналист жуырда Жамбыл облысына қарасты Матыбұлақ полигонында өткен «Қаратау-2017» жедел-стратегиялық оқу-жаттығуына қатысып қайтты.

Сәкен ЖАНҰЗАКОВ,

қорғаныс министрі:

«Біздің әскери күштер қазіргі таңда заманауи байланыс құралдарымен жабдықталған. Мынау өздеріңіз көріп отырған байланыс құралы өте тиімді. Ол ұрыс болып жатқан аймақпен жабық түрде байланыс орната алады. Бұған ешқандай радиотосқауыл кедергі жасамайды. Осындай құрылғы бізде бұрын болмаған еді. Бұл отандық өнім, өз елімізде құрастырылған. Мен бүгінгі оқу-жаттығуды бастан-аяқ өзім бақыладым. Барлық аппараттар және құрылғылар жақсы жұмыс істеді. Әскерлеріміз өте жақсы өнер көрсетті. Бюджеттен бөлінген қаржы өз орнымен толық игерілді. Алдағы уақытта да жаңа жабдықтармен жасақталамыз деген жоспарымыз бар».

ТАПСЫРМА ОРЫНДАЛДЫ

Сарыбастаудың етегінде өткен бұл жаттығуға 5 мыңнан аса сарбаз және 2 мыңға жуық техника жұмылдырылған. Жауға тойтарыс беру, жоспарлап нақты әрі жедел шешім қабылдау да жай ғана шаруа емес. Әрбір қарулы күшті құрылғымен сырттан бақылап, тапсырманы жүктеп, нысананы дәл көздеу, оның орындалуы — бәрі қолбасшының қырағы қызметіне байланысты. Негізгі міндет — қолбасшының құзырында. Жасалған шабуылдың бәрін дерлік «Онғүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы» Марат Құсайынов басқарды. Сондықтан бүгінгі шабуылдың қандай деңгейде өткенін қолбасшының өзі айтты берді. Оның айтуынша, бұл оқу-жаттығудың бір мақсаты — жана әскери құрылғылардың қабілетін байқап көру.

БАЙЛАНЫС
ҚОНДЫРҒЫСЫНЫҢ КЕРЕМЕТІ

Елдегі күш құрылымдары тегіс қатысқан бүгінгі оқу-жаттығуды



ЖАУЫНГЕРЛЕР ЖАТТЫҒУЫ немесе ӘСКЕРИ ПОЛИГОННАН РЕПОРТАЖ

қорғаныс министрі Сәкен Жанұзақовтың өзі бақылады. Ұрыс даласында өзі де жүрді. Жаттығудан кейін әскерлердің жағдайымен танысып, жана құрылғыларды өзі қолданып көрді. Шабуыл аймағындағы әскерлермен байланысқа шықты. Министр жана байланыс қондырғыларын біздің әскердің

Марат ҚҰСАЙЫНОВ,
«Онғүстік» өңірлік қолбасшылығы
әскерлерінің қолбасшысы:

«Қаратау — 2017» жедел-тактикалық оқу-жаттығуы өз деңгейінде өтті. Бірқатар жаңа құрылғыларды, әскери техникаларды сынақтан өткіздік. Өздеріңіз байқағандай, біз бірінші ұшқышсыз аппаратпен жаудың орналасқан жерін анықтадық. Олар қарсы жақтың қимылын, қорғанысы мен шабуылы туралы ақпарат беріп отырды. Кейіннен әуеден соққы жасап алғашқы шабуылды бастадық. Оқ өтпейтін техникамен жабдықталған құрлық әскері бірнеше шақырымдағы нысананы танк зеңбірегімен оқ жаудырып, «жауды» басып алды. Бір сөзбен айтқанда, әскери жаттығу ойдағыдай өтті. Жауынгерлер де бұл жолғы оқу-жаттығудан өздеріне мол білім, көптеген тәжірибе жинақтап қайтты».



ТҮЙІН

«Қаратау-2017» жедел-стратегиялық оқу-жаттығуының негізгі мақсаты — әскердің жауынгерлік әзірлігін және белгіленген мерзімде жүктелген тапсырманы орындау қабілетін тексеру. Бұл тапсырма тап-тұйнақтай орындалды. Оқу-жаттығуға күрделі жедел-тактикалық жағдай қарастырылған. Қолбасшылар дер кезінде шешім қабылдауы қажет. Ол міндет те орындалды. Бөлімдер мен бөлімшелер ұрыс алаңында «жауға» шебер төтеп берді. Қаз-қатар тізілген танкілер мен жаяу әскерлер ұрыс даласынан қайтып жатты. Дәлірек айтсақ, оқу-жаттығудан. Ал біздің түйеніміз: еліміздің Қарулы Күштері кез келген жауға тойтарыс бере алады!

Руслан ДОСТАЕВ,
Алматы — Отар — Алматы

Жерістік

Әскері мықтының айбыны үстем, шекарасы берік. Бүгінде Қазақстанның Қарулы Күштері десек, ең әуелі темірдей тәртіп, тәлімді тәрбие, ұлттық сана, патриоттық рухтың көз алдымызға жіптей тізіле қалатыны анық. Олар қорғанысты нығайтып, ел ішіндегі қақтығысты реттеп, әлеуетті арттыруға, лаңкестік әрекетке тосқауыл болуға бар күшін сарп етуде. «Ерлік — тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады» деп батыр атамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, бүгінде ерлігін асырып, жігері жасымай жүрген еліміздегі арнайы жасақтың қуатын одан ары арттыруда алдыңғы орынға шықты.



ӘСКЕРІ ӘЛЕУЕТТІ, САРБАЗЫ САҚАДАЙ САЙ

Әскерлердің айтуы бойынша, жоғары санаттағы жаттығу нысандары әлемде 3 елде ғана бар деседі. Олар — Америка, Иордания және біздің мемлекет. Бейбіт заманымызда Қарулы Күштердің жасаған жұмысында ауыз толтырып айтарлық



«Бұл полигонымыз әлемдік санатқа алдыңғы қатарда тұр десек, артық айтқандығымыз емес. Мұнда әскери жасақтағы сарбаздарымыз үшін барлық жағдай жасалған. Мультимедиялық экран, лазерлік қару, жауынгерлік оқ — барлығы дерлік сарбаздың кәсібін шындай түспек» — дейді.

Бұған қоса, депутаттар әскери-жаттығу орталығын аралау кезінде «Ұлттық ұлан — еліміздегі ішкі қауіпсіздігімізді сақтау міндеттері жүктелген әлеуеті зор күш-құрылым. Қазір ұландар өздерінің алдына қойылған міндетті зор абыроймен атқарып келеді. Ведомствонның техникалық орталығын заманауи үлгіде жасақтауға, әскери қызметшілердің алаңсыз қызмет атқаруы үшін біз өз тарапымыздан барлық жағдайды жасайтын боламыз. Ең бастысы, бұл атқарылып жатқан жұмыстың барлығы да ел қауіпсіздігі жолында атқарылып отыр», — деп өз ойын білдірді.

Мұнда техника, қару-жарақ пен қорғаныс құралдарының жана үлгісі, аса жауапты жауынгерлік-барлау тапсырмасын орындауға міндеттелген «Бүркіт»



арнайы жасағының жауынгерлік дайындығын арттырудағы заманауи әдіс-тәсілі мен ұлттық ұлан қамтамасыз етілген киім үлгілері де сақадай сай тұр. Мемлекеттік күзет қызметінің «Қалқан», Ұлттық ұланның «Бүркіт», Ішкі істер министрлігінің «Сұңқар», Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Арыстан», ҰҚК шекара қызметінің «Арлан» арнайы мақсаттағы бөлімшелері мен Қорғаныс министрлігі Бас барлау басқармасының күш-құрылымдары жұмылдырылыпты. Сондағы «Қайсар-2016» кешенді оқу-жаттығуында еліміздегі мемлекеттік мекемелердің арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің терроризмге қарсы іс-қимылы пысықталған.

Бұл орталық ИІМ арнайы мақсаттағы бөлімшелеріне арналған жауынгерлік дайындығын кәсіби тұрғыда жетілдіріп, шындалуға бірден-бір зор мүмкіндік беретін аса маңызды нысан болып табылады. Қауіпті қылмысқа қарсы тұратын арнайы жасақ қимылының ерек, жаттығуының шымыр, тәртібінің мығымен шекініп осылайша көзбен көріп қайттық.

Бұл жолғы журналистік сапардан түйеніміз көп. Ең басты түйін — елін қорғайтын ерлер барда, елден



өткізу пункті салынған. Мұнда 9 айдың өзінде 15 мыңнан астам сарбаз шынығып, шеберлігін шыңдап шығады.

Оқу-жаттығуға келген әскери қызметкерлер өрмелеуден бастап, әуеле, жерде, суда еркін соғыс қимылын жасауға дағдыланады. Мұнда Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан күш-қуат құрылымдарының арнайы жасағын кәсібилікке дайындайды. Олар соңғы үлгідегі әскери қару-жарақты пайдаланып, әскери-техникалық және кәсіби білім алып шығады. Әрбір күш құрылымынан келетін сарбаздар 2 айлан 4 айға дейін күрделі жаттығудан өтеді. Елім деген азаматтарымыз бүгін бір елдің қорғанына айналуы басты міндет санайтыны көңілге қуаныш ұялатады. Орталықта кәсіби біліммен қатар, тәрбие сабағы да ұштастырылады. Өйткені, «тәрбиесіз берілген білім, білім емес» деп бекер айтылмаған. Сондай-ақ экстремизм мен терроризм мәселесі де ұмыт қалмаған. Практика жүзінде тәжірибе алған мамандар кәсіби тұрғыдан толысып, білімін бекітіп шығады.

Ұлттық ұлан «Онғүстік» өңірлік қолбасшылығы, 6654 әскери бөлімі командирінің орынбасары Жомарт Атығас



ешқашан тыныштық үзілмейді. Керісінше, көсегесі көгеріп, келешекке деген сенімі артады.

Салтанат ШЫРЫНХАН



«Аман рух – Аман келешек!» Міне, осындай ұранмен жастардың басын біріктірген фестиваль биыл да өз жалғасын тапты. Дәстүрге айналған бұл шара биыл төртінші рет ұйымдастырылып отыр. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен коррекциялық мектеп-интернаты, балалар үйі мен орта білім беру мектептерінен 3000-нан астам бала қатысты.

Олимпиада чемпионы Ермахан Ыбырайымов «Бұл фестивальдің жастарымызға болашақта керемет тәрбие беріп, олардың білімді, ілімді болып шығуына ықпалы зор. Мұндай шара елімізде жиі болып тұруы керек. Елбасымыз айтқандай, «Болашақ жастардың қолында», — дей отырып, қатысушыларға өз құттықтауын жеткізді. Әдеттегідей, холи бояуын шашу флешмобы өтті.

«Аман келешек» жобасы Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Ұлт көшбасшысы Қорының қолдауымен



ұйымдастырылды. Мұнда қоғамда, жалпы бүкіл әлемде өзекті саналатын балалар мүддесі мен қызығушылығы ескеріледі. Соған орай ұйымдастырушылар тақырып таңдайды. Жобаның басты ерекшелігі — балаларды жаңа технология тылсымына бойлатып, шексіз ғарыш әлеміне самғату. Мұнда 8 алаңның әрқайсысына күн сәулесі жүйесіндегі ғаламшар атауы берілген. Шара шеберлер шеруінен басталды. Көрермендерге мінберден от шашу шоу көрсетіліп, «Аман келешек» әнұраны шықалды.


Содан кейін белгіленген тақырып бойынша аумақ күн сәулесі



Фото: Ғалия КАЛИЕВА

Алматыда «жасалған» iPhone

Кім айтты бізді айфон жасай алмайды деп. Көшіру біздің қолдан да келеді екен. Бірақ астыртын түрде. Алматыда «Аэровокзал» сауда орталығы аумағынан «iPhone» маркалы телефонды құрастырып, қаттап жатқан топтың қызметі әшкереленді. Зансыз тауарды жасаушылар алып шаһарға өзге аймақтан келгендерге өз тауарын сатқан. Тіпті қаладағы әмбебап дүкендерге өткізіп келген. Алматы қаласының мемлекеттік кірістер департаменті қызметкерлері анықтау барысында 30 данасын тәркіледі. Сарапшылардың айтуынша,



құрастырылған зансыз смартфонды түпнұсқадан ажырату өте қиын. Себебі смартфонды құрастыру барысында жедел жады мен «орталық процессордың» түпнұсқасы қолданылған. Алайда гаджеттің өзге бөлшегі жалған әрі арзан бұйымнан тұрады. Бүгінде айфон жасағыштарға қатысты қылмыстық іс қозғалып, тергеу жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен оларды қолдайтындар да табылды. Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің басшысы Бағдат Мусин смартфондарды қолдан құрастырған жастарға заңды бизнеспен айналысуға мүмкіндік беру керектігін айтып отыр. Тіпті ол «технопарктердің бірінен цех ашып беруге көмектесуіміз керек» — дейді.

жүйесіне айналды. Қордың атқарушы директоры Канат Жұмабаев «Аман келешек» фестивалі — жыл сайын өтетін спорт, денсаулық және шығармашылық мерекесі. Тұңғыш Президент Қоры осы жобамен



денсаулығы мықты, көп қырлы жастарды қалыптастыруға өз үлесін қосуға тырысады», — делі. Сондай-ақ алаңға радиостанса байланысы іске қосылып, оның көмегімен қатысушылар әлемдегі барлық достарымен әңгімелесе алды. Бұған қоса, өмірлерден келген





қатысушыларға арналған 3 көшпелі алаң жұмыс істеді. Осылайша балалар бір күнде түрлі-түрлі қызыққа бөленді. Өзінің қоғамдағы орнын сезініп, қаншалықты қажет екенін білді. Еліміз «Аман келешекке» айналысқан десек, жастармен санасып, олардың ой-қалауын елегеніміз дұрыс-ақ.

«ЖАС ҚАЗАҚ» ГАЛЕРЕЯСЫ



Рамазан ПЕЙЗОВ. Қылқалам шебері сурет өнерін 5 жасынан бастаған. Кішкентайынан көптеген сурет салып, арасында ауыларалық сайыстарда бағын сынайды. Бүгінде ол Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің графика мамандығына түсіп, шығармашылығын шыңдай түсуде. Рамазан қазіргі таңда Стринг-арт стилінде де сурет салады. Ол елімізде енді дамып келе жатқан сурет өнерінің бір түрі. Мұнда қылқалам шеберлері өз туындысын шеге және жіппен өрнектейді.



ЖОБА

Әлеуметтік кәсіпкерлік — күрделі концепция. Сондықтан оның бір ғана ойқылдамасы болуы мүмкін емес. Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпараттың аз таралуы да бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып тұр.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің әлеуеті

Бұл жайында осы жылдың маусым-тамыз айында British Council жүргізген «Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің жағдайы» туралы сауалнама барысында белгілі болды. Сауалнама еліміздегі әлеуметтік жағынан белсенді жастарға қолдау көрсету және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту арқылы кез келген мәселені дер кезінде шешуді көздейді. Бұл жобаны British Council «Шеврон» компаниясымен бірлесіп отырып, 2013 жылдан бері іске асыруда. Сауалнамаға 200-ден астам адам қатысты. Оның көпшілігі — әлеуметтік кәсіпкерлер. Әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдайтын ұйымдардың қызметкерлері

және бизнестің осы бағытына қызығушылық танытатын белсенділер. Сауалға жауап берушілер Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті болашақта дамытуға қатысты өз ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, қоғамның жалпы азаматтық мәдениетін жоғарылату және мектеп оқушылары мен жастардың бойына әлеуметтік жауапкершілікті дарыту; Қазақстанның орнықты бизнес құрған әлеуметтік

салалы экономиканы дамытуға үлес қосу үшін әлеуметтік кәсіпкерліктің елеулі әлеуеті бар деп санаймыз, сондықтан әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы қазіргі жағдайды түсінудің зор маңызы бар. Біз, сондай-ақ халықаралық тәжірибені бөлісу үшін өз серіктестерімізді жұмылдырдық. Бұл Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің әрі қарай дамуына көмектеседі. Мысалы, Ұлыбританияда әлеуметтік кәсіпкерлік



кәсіпкерлерінің табысқа жетуінің тарихын тарату; әлеуметтік кәсіпкерлік мәселелері мен проблемаларын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңірек ашып көрсету қажеттілігі. British Council директорының орынбасары Роуэн Кеннеди «Біз Қазақстанда көп

экономиканың барынша тез өсіп келе жатқан секторларының бірі: әлеуметтік кәсіпорындар миллионнан астам адамға жұмыс береді, олардың экономикаға қосатын үлесі жылғына шамамен 20 миллиард фунтқа тең», — деп өз ойын түйіндеді.

Бетті дайындаған
Салтанат ШЫРЫНХАН

«Жас қазақ» ұжымы газет қызметкері Нұрлан Атантаевқа әпкесі Райхан НҰРҚАСЫМҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия КАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ,
Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ — Астана қаласындағы
меншікті тілші

Әбдіманан КЕНЕС — жастар және ғылым
Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші

Руслан ДОСТАЕВ — web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-сайт

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Мендібай СҮМЕСІНОВ — Атырау облысы (8 775 955 77 34)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия pahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп,
бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы
№5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын
білдірмейді. Жарнама төлемін тапсырыс беруші
жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2131;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.